



"Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті" АҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ӘРЕКЕТ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қамқоршылық кеңес туралы ереже

МС ISO 9000:2015

МС ISO 9001:2016

МС ISO 37001:2016

МС ISO 27001:2022

ҚазТБУ-МО-ӘТЕ-7.2-2026-04

Енгізу күні: «10» 02 2026 ж.



БЕКІТЕМІН

Проректор

Л. Байболова

«10» 02 2026 ж.

ӘРЕКЕТ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ  
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
ҚазТБУ-МО-ӘТЕ-7.2-2026-04

КЕЛІСІЛДІ

АСЖ Проректор

Э.Аскарбеков

«10» 02 2026 ж.

Астана, 2026

## АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ережені "Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ" АҚ Мансап орталығының басшысы әзірледі.

Осы Ережені ректор титулдық парақтағы жеке қолымен бекітеді және қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Ереже "Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ" АҚ Мансап орталығы үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережені мерзімді тексеруді ҚазТБУ-МО-ӘТЕ-7.2-2026-04 сәйкес үш жылдан аспайтын аралықпен Мансап орталығының басшысы жүргізеді

Осы Ережеге өзгерістер оны қолдану нәтижелері бойынша немесе талаптар өзгерген кезде әзірленеді.

Алғаш рет енгізілді.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	4
6. Қолданылған қысқартулар	5
7. Процедураның жалпы ережелері мен сипаттамасы	5
8. Қамқоршылық кеңесінің мақсаттары мен функциялары	5
9. Қамқоршылық кеңестің қызметін ұйымдастыру тәртібі	6
10. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер	6
11. Жауапкершілік және өкілеттіктер	6
Келісу парағы	7
Танысу парағы	7
Тіркеу өзгерістері парағына	8
Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы	8

## 1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 «Қамқоршылық кеңес туралы ереже» құжатталған рәсімі ҚазТБҮ-МО-ӘТЕ-7.2-2026-04

## 2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Ережені әзірлеуші Мансап орталығы болып табылады.

## 3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 Қамқоршылық кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже):

- 1) өзара байланысты және тығыз жемісті ынтымақтастықты нығайту;
- 2) Университетке жан-жақты қолдау көрсету, сондай-ақ білім беру, ғылыми және тәрбие қызметін жақсарту үшін Қамқоршылық кеңес мүшелерінің зияткерлік және шығармашылық мүмкіндіктерін біріктіру;
- 3) Университет қызметінде инновациялық процестерді енгізу.

3.2 Ереже құрылымдық бөлімшелердің лауазымды адамдары қызметіне басшылық етуге арналған "Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті" АҚ (бұдан әрі - Университет) ішкі нормативтік құжаты (бұдан әрі – ІНК) болып табылады.

## 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ережеде ҚР мынадай нормативтік құқықтық актілері пайдаланылды:

4.1 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-ІІІ Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);

4.2 "Жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 04.07.2018 ж. № 171-VІ;

4.3 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ бұйрығы 30.10.2018 ж. № 595 (өзгерістер мен толықтырулармен);

## 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ережеде тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

Термин	Анықтама
Қамқоршылық кеңес	Алқалы кеңесші орган, университеттің перспективалық дамуына жәрдемдесу мақсатында ерікті қоғамдық бірлестік болып табылады
Сыртқы шыққан нормативтік құжаттар	Ведомстволық және басқа да сыртқы ұйымдар әзірлеген МЕМСТ, ҚР СТ, ТҚ және өзге де құжаттар (Техникалық, құқықтық, басшылық, ресми нұсқамалар және т.б.).
Ішкі шыққан нормативтік құжаттар	ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар (бұйрықтар, өкімдер және т.б.) немесе нұсқаулықтар, ережелер, стандарттар және т. б., қандай да бір процесі орындау кезіндегі іс-әрекеттің тәртібі мен көлемін белгілейтін, ішінде әзірленген және әрекет ететін.
Сапа менеджменті жүйесі	сапаға бағытталған басқару жүйесінің бөлігі.
Жауапкершілік	субъектінің мінез-құлқы мен ниеті мен оларды қоғам бағалауы арасындағы белгілі бір қатынас.

<b>Құзыреттері</b>	оқыту процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық пайдалану қабілеті.
--------------------	--

## 6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

<b>Қысқарту</b>	<b>Толық атауы</b>
<b>ҚР</b>	Құжатталған рәсім
<b>ББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>МО</b>	Мансап орталығы
<b>СҚАБ</b>	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасы
<b>СМЖ</b>	Сапа менеджменті жүйесі
<b>Университет</b>	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
<b>ПББ</b>	Персоналды басқару бөлімі
<b>ПОҚ</b>	Профессор-оқытушылар құрамы
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ЖТ</b>	Жұмыс тобы

## 7. ПРОЦЕДУРАНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ

- 7.1 Мансап орталығы Қамқоршылар кеңесінің қызметін ұйымдастырады.
- 7.2 Ереже Қамқоршылар кеңесінің қызметін реттейді.
- 7.3 Ереже Қамқоршылық кеңестің қызметін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде басшылыққа алынады.
- 7.4 Қамқоршылар Кеңесі ректорға есеп береді.

## 8. ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Мақсаттары:

- 8.1 Университетпен өзара байланысты, өзара көмек пен ынтымақтастықты нығайту.
  - 8.2 Еңбек нарығын дамытуды, университетті дамытудың басым бағыттарын ескере отырып, мамандар даярлаудың перспективалық бағыттарын айқындау.
  - 8.3 Университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге қолдау көрсету.
  - 8.4 Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.
- Функциялары:
- 8.5 Университеттің миссиясы мен даму стратегиясын айқындауға қатысу, Оқу жылының қорытындысы бойынша университет қызметіне бағалау жүргізу.
  - 8.6 Оқу процесін жұмыс берушілердің сұраныстарына бейімдеу мақсатында білім беру бағдарламаларын жетілдіруге қатысу.
  - 8.7 Ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруға жәрдемдесу.
  - 8.8 Университеттегі педагогикалық қызметке жетекші отандық және шетелдік мамандарды / ғалымдарды тарту.
  - 8.9. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері бойынша жәрдем көрсету.
  - 8.10 Түлектерді жұмысқа орналастыруға, ПОҚ біліктілігін арттыруға жәрдемдесу, сондай-ақ Әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде қолдау көрсету.
  - 8.11 Өңірдің жетекші кәсіпорындарының базасында білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуіне жәрдемдесу.

8.12 Білім алушылардың рухани және патриоттық тәрбиесін, іскерлік және кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға жәрдемдесу.

8.13 Ректордың есептерін тыңдау.

8.14 Білім беру процесіне қатысушылармен іскерлік кездесулер, тақырыптық дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастыру.

## 9. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

9.1 Қамқоршылық кеңестің қызметі өтеусіз негізде және негізгі қызметтен қол үзбей жүзеге асырылады.

9.2 Қамқоршылар кеңесі оның мүшелерінің теңдігі мен жариялылығы негізінде әрекет етеді.

9.3 Қамқоршылық кеңестің отырысы оқу жылында 1 рет өткізіледі. Қажеттілігіне қарай кезектен тыс отырыс өткізіледі.

9.4 Қамқоршылық кеңестің отырысы, егер барлық мүшелерге оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланса, сондай-ақ отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып табылады.

9.5 Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

9.6 Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қоюға тиіс.

9.7 Қамқоршылық кеңес қызметін тоқтату: университет таратылған және қайта ұйымдастырылған кезде, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

## 10. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

Тәуекелдер	Тәуекелдердің алдын алу шаралары
ҚР Білім беру саласындағы заңнамасындағы жаңалықтар.	Білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) мониторингін жүйелі түрде жүзеге асыру.
Университеттің академиялық саясатындағы өзгерістер.	ІНҚ талдауын жүргізу және НҚА ескере отырып өзектендіру.
Түлектердің, білім беру процесіне қатысушылардың (білім алушылардың, ПОҚ, қызметкерлердің) қажеттіліктерін қанағаттандырмау.	Мүдделі тараптар арасында ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
Мәлдір емес процедуралар мен бақылаудың болмауы теріс пайдалануға әкелуі мүмкін.	Бақылау және есеп беру.

## 11. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

Бөлімше	Өкілеттіктер
Мансап орталығының басшысы	Ережені әзірлеу. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру. Ережені әзірлеу кезінде СМЖ талаптарын сақтау. Ереженің талаптарын сақтау. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
Деканаттар	Қамқоршылық кеңестің қызметі бойынша қажетті ақпаратты ұсынуға жәрдемдесу.
Кафедралар	Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру кезінде қажетті ақпаратты ұсыну.



